

ИНДОНЕЗИЯНЫҢ БАНКТЕРДІ
САУЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СТРЕСС
АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ
ТӘЖІРИБЕСІ. IBRA ҚЫЗМЕТІ.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

I. IBRA құрылуының алғышарттары


Азия қаржы дағдарысына дейінгі жылдары (1997 ж.), Индонезия «экономикалық ғажайып» кезеңін бастан өткерді – халық табысы айтарлықтай өсті; инфляция деңгейі мен азық-түлік бағасы тұрақты болды; экономика әртараптандырылып, экспортқа бағытталды; ал капиталдың едәуір ағыны импорт пен инвестицияның күрт өсуіне әкелді, әсіресе жылжымайтын мүлік секторында.

Неғұрлым тұрақты макроэкономикалық саясатты ескере отырып, Индонезия 1997 жылдың ортасында Таиландта басталған аймақтық валюта дағдарысына жақсы дайындалған ел ретінде қарастырылды..

Алайда, үміт күттіретін макроэкономикалық деректердің астарында елеулі жүйелік мәселелер жасырын еді. 1996 жылдың соңына қарай экспорт көлемі күрт қысқарды. Қаржы секторының дерегуляциясы банктер санының жедел көбеюіне әкелді, алайда қадағалау реттеуі әлсіз болып қала берді, ал реттеушілік талаптарды сақтауды қамтамасыз ету шаралары қабылданбады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік, корпоративтік және жеке секторлардың барлық деңгейлерінде кең таралған еді. Бұл мемлекеттік және жеке қаражаттың (банктік несиелердің) жеке мақсаттарда пайдаланылуына алып келді.

Рупияны тұрақтандыру әрекеттері сәтсіз аяқталғаннан кейін, үкімет 1997 жылдың қазан айының басында ХВҚ-дан (IMF) көмек бағдарламасын сұрауға мәжбүр болды.

Индонезияның банк секторындағы жұмыс істемейтін несиелер деңгейінің динамикасы, %



Дереккөз: ХВҚ

I. IBRA құрылуының алғышарттары

ХВҚ бағдарламасын жүзеге асырудың бірінші кезеңінде 92 банкке талдау жүргізілді, олардың үлесіне банк секторының жиынтық активтерінің 85%-ы тиесілі болды. Талдау нәтижелері бойынша 34 банк (сектордың 5% жиынтық активтері) халықаралық стандарттарға сәйкес төлем қабілетсіз деп танылды, ал тағы 16 банк (жалпы активтердің 19%-ы) түрлі дәрежедегі мәселелерге тап болды.

Бағдарлама 8 мемлекеттік және өңірлік даму банктерін сауықтыруды, сондай-ақ төлем қабілетсіз 16 банкті тарату рәсімін қарастырды.

Қоғам 16 банктің жабылуы туралы жаңалықты оң қабылдағанымен, бірнеше апта ішінде бұл бағдарламаға деген сенім күрт төмендеді. Себебі президент Сухартоның ұлына тиесілі «Андромеда» банкі таратылған 16 банктің бірі болғанымен, оған іс жүзінде өз банкін қайта ашуға рұқсат берілді. Бұл 1997 жылдың желтоқсаны мен 1998 жылдың қаңтары аралығында банк секторынан депозиттердің жаппай кетуіне алып келді.

Бастапқыда валюталық дағдарыс ретінде басталған құбылыс, кейін толыққанды банк дағдарысына ұласты.

Дағдарыстың бірінші жылы ішінде Индонезияның нақты ЖІӨ-сі 13%-ға қысқарды, рупия 80%-ға құнсызданды, ал инфляция жылына шамамен 70%-ға дейін жеделдеді. Бұл билікті өтімділікті қамтамасыз ету және банктерді қайта құрылымдау шараларын қабылдауға мәжбүр етті. Осы мақсатта Индонезияның банктерді қайта құрылымдау агенттігі – IBRA (Indonesian Bank Restructuring Agency) құрылды. ХВҚ бағалауы бойынша, дағдарыстың салдарын жою Индонезияға 77 млрд АҚШ долларына немесе елдің ЖІӨ-нің 51%-ына түсті, бұл оны әлемдегі ең қымбат бағдарламалардың біріне айналдырды.

IBRA-ның арнайы өкілеттіктері

- Қарыздарды IBRA-ға және үшінші тұлғаларға қарыз алушының келісімінсіз беру
- Қарыз алушыларды, директорлар кеңесінің мүшелерін, акционерлерді және банк қызметкерлерін тексеру және олардың қаражатын қайтаруды қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратты алу
- Банктер мен олардың қарыз алушыларының активтерін Индонезияда да, шетелде де бұғаттау
- Қарыз алушылардың активтеріне соттан тыс тәртіпте тыйым салу
- Банк келісімдерімен жасалған шарттарды қайта қарау, өзгерту немесе үшінші тұлғалармен қажет болған жағдайда жою

II. IBRA құрылуы

IBRA 1998 жылғы 26 қаңтарда президенттің жарлығымен құрылып, бес жыл мерзімге қызмет етуге белгіленді. Оның негізгі міндеттері депозиттерді кепілдендіру және Орталық банк (Банк Индонезия) "проблемалы" деп таныған банктерді қайта құрылымдау болды. Жаңа агенттік қаржы министрінің тікелей басшылығымен жұмыс істеді және президент тағайындаған төраға басқарды. Кілттік персоналды қаржы министрі Орталық банктің басқарушысымен келісу арқылы тағайындады. Сонымен қатар, агенттік жабылғаннан кейін қалған активтер мемлекет меншігіне өтетіні белгіленді. Агенттік өз мандатын орындау үшін арнайы өкілеттіктермен қамтамасыз етілді.

IBRA-ны құру бір жылдан астам уақытты алды, осы кезеңде агенттік **активтерді басқару жөніндегі компанияның** өкілеттіктеріне ие болды.

IBRA функциялары

Жабылған, мемлекет меншігіне өткен және қайта капиталдандырылған банктердің проблемалық кредиттерін басқару

Жабылған банктердің негізгі акционерлерімен қарызды реттеу туралы келісімдер жасау және өзара әрекеттесу

IBRA проблемалық кредиттерді сатып алған жоқ – оның орнына активтер қайта капиталдандыру немесе банктерді тарату кезінде берілді.

Бастапқыда IBRA-ның мандаты банк қадағалауында нақты рөлді қарастырмады. Агенттік құрылғаннан кейін бірнеше апта ішінде Орталық банк IBRA-ға 54 банкті (банк секторының 37%-ы) қадағалау функциясын берді. Алайда заңнамада нақты реттеу қағидаттары болмады, сондықтан Орталық банк пен IBRA арасындағы қадағалау өкілеттіктерінің шекаралары айқындалмаған еді. Бұл қоғам мен мемлекеттік органдар арасында түсініспеушілікке алып келді.

Нәтижесінде Орталық банк банктерді қадағалау жауапкершілігін өзіне қайтарып алды, ал IBRA-ның рөлі банктерді тарату және қайта құрылымдау жөніндегі агенттік ретінде шектелді.

III. IBRA қызметі

IBRA тікелей Индонезия бюджеті есебінен қаржыландырылды. Стрестік активтерді басқару жөніндегі көптеген компаниялардан айырмашылығы, IBRA облигация шығарған жоқ. Оның орнына, банк секторын қайта капиталдандыру үшін облигацияларды мемлекет шығарды. Агенттікке жыл сайынғы мақсатты көрсеткіштер белгіленді, олар инвестицияланған қаражатты қайтару және кірісті қамтамасыз етуге бағытталды. Бұл кірістер кейіннен бюджет тапшылығын өтеу үшін үкіметке аударылды.

IBRA негізгі бизнес-процестері

Банктерді қайта құрылымдау

Активтерді басқару (берешекті қайтару)

Банктердің акционерлерімен өзара іс-қимыл

IBRA-ның әрбір бөлімі өз функционалына шоғырланған, жеке дерекқорлар мен операциялық жүйелерге ие болды. Бұл деректердің үйлеспеуіне және қаржылық есептілікті қалыптастыруда қиындықтарға әкелді, бұл қоғамдық есептілік пен басқарушылық шешімдер қабылдау процесін күрделендірді.

Сонымен қатар, IBRA активтерді нарықтық емес, номиналды құны бойынша есепке алды. Қайта капиталдандыру бағдарламасы банктерге IBRA-ға берілетін қарыздардың бір бөлігін белгіленген деңгейге дейін есептен шығаруды міндеттесе де, агенттік активтерді таза баланстық құны емес, номиналды құны бойынша қабылдады. Активтердің құнын айтарлықтай асыра бағалауға байланысты, IBRA алғашқы активтерді сату мәмілелері шығынды болды.

Уақыт өте келе IBRA түзету шараларын әзірлеп, енгізді, бұл агенттіктің операциялық тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. 2000 жылдан бастап IBRA өз активтерін неғұрлым нақты нарықтық құны бойынша есепке ала бастады.

IV. Банктерді сату

Өз қызметі барысында IBRA 54 банкті таратты, 24 банкті мемлекет меншігіне алды және 6 қайта капиталдандырылған банкте бақылаушы акциялар пакетін иеленді. "Проблемалық" банктермен жұмыс істеудің негізгі құралдары біріктіру және сату болды.


Банктерді сату 1999 жылы жоспарланған. Алайда банктерді қайта капиталдандыру процесінің ұзаққа созылуы, сондай-ақ бизнес-жоспарларды әзірлеу мен іске асырудың кідірісі салдарынан BCA (Bank Central Asia) банкінің алғашқы сатылымы тек 2002 жылдың наурызында жүзеге асырылды. Кейінгі сатылымдарды агенттік тұрақты түрде жүргізіп отырды.

Банктер ашық аукциондар арқылы сатылып, жекеменшікке берілді (ең алдымен шетелдік инвесторлар тобына). Бұл ретте азшылық акция пакеттері тікелей нарықта немесе негізгі инвесторларға сатылды.

Жалпы алғанда, IBRA банктерді сатудан және капиталына салынған үлестерден дивиденд алу есебінен 19 трлн рупий (2,2 млрд АҚШ доллары) кіріс тапты.

Сонымен қатар, агенттік банктерді қайта капиталдандыруға 9 трлн рупий, ал BII (Bank Internasional Indonesia) және Permata банктерінің өтімділігін арттыруға тағы 9 трлн рупий инвестициялады.

IBRA банктерін сату



V. Активтерді басқару және сату

IBRA 5,1 трлн рупий кіріс алды, оның ішінде 5,5 мыңнан астам жылжымайтын мүлік нысандары мен басқа да активтер ашық аукциондарда сатылды. Активтерді басқару бөлімшесі 346,7 трлн рупий (2000 жылғы ЖІӨ-нің 27%-ы) көлеміндегі проблемалық кредиттерді басқарды. Бұл IBRA-ның ең ірі бөлімшесі болды, онда 334 штаттық қызметкер және 3400 уақытша қызметкер жұмыс істеді, сондай-ақ 221 құқықтық және операциялық мәселелер жөніндегі маманның қолдауымен қызмет атқарды.

IBRA-ның жұмыс істемейтін кредиттер портфелі барлық проблемалық кредиттердің 90%-ын құрады. Ол әртүрлі кредит түрлері бойынша сегменттелді, әр санат үшін жеке реттеу стратегиялары әзірленді.

Кредит түрлері	Кредит саны	Қарыз алушылар саны	Баланс құны, трлн рупий	Реттеу стратегиясы
Бөлшек кредиттер / ШОБ (<5 млрд рупий)	313 760	294 414	29,4	Дисконтпен өтеу, тікелей сату
Коммерциялық кредиттер (5-50 млрд рупий)	7 239	1 996	27	Сенімгерлік басқаруға беру (қайта құрылымдау) және кейіннен сату
Корпоративтік кредиттер (>50 млрд рупий)	52 626	1 867	290,3	Өз бетінше қайта құрылымдау және кейіннен сату

IBRA кредиттік активтердің құнын қайта құрылымдау арқылы арттыруға өкілетті болғанымен, бұл іс жүзінде қиынға соқты. Басшылық пен персоналда қарыздарды қайта құрылымдау тәжірибесі болмады. Проблемалық активтердің ауқымы үлкен, құрылымы шашыраңқы болды. IBRA-ның қызмет ету мерзімі шектеулі болғандықтан, ұзақ мерзімді қайта құрылымдау мүмкін болмады.

2002 жылы IBRA өз мандатын орындай алмайтынын мойындап, несиелерді жедел сатуға басымдық берді.

VI. Активтерді сату және қызметтің аяқталуы

Кредиттерді сату ашық нарықтық механизм аясында жүзеге асырылды, ал активтердің ең төменгі бағасы ішкі бағалау әдістемесіне сәйкес белгіленді. Агенттік қызмет еткен кезеңде портфелінің 60%-ын сатты. 2002-2004 жылдары сатылған активтер жалпы сатылымдардың 87%-ын құрады. Орташа өтелу көрсеткіші 22% болды, бұл активтердің төмен сапасын және оларды сатуға бөлінген уақыттың шектеулі болғанын көрсетті.

IBRA бағдарламасы аясында 44 банк иесі өтімділікті қолдау шараларын бұзып, қаражатты заңсыз пайдаланған. Агенттік осы қаражатты қайтару үшін банктердің директорлар кеңесіне өз өкілдерін енгізді. IBRA жабылған кезде қаражаттың тек 22,4%-ын ғана қайтару мүмкін болды.

IBRA 2004 жылдың ақпан айының соңында қызметін аяқтады. Агенттік екіұдай беделге ие болды: бір жағынан, банк секторын сауықтыруда жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Екінші жағынан, қайта құрылымдау арқылы қаражатты қайтару нәтижелері төмен болды. Дегенмен, агенттік 151 трлн рупийді (үкіметтің дағдарыспен күреске бөлген қаражатының шамамен 23%-ын) қайтаруға қол жеткізді. Қалған 275 трлн рупий көлеміндегі активтер Қаржы министрлігіне берілді: 60%-ы сот өндірісінің түрлі кезеңдерінде болды. Қалғаны сатылмаған стресс активтері мен банктердегі үлестерден тұрды.

Материалды "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-ның Корпоративтік даму департаменті дайындады.

Дереккөздер: Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қорының зерттеу есептері мен басылымдары.

